

Жария сервитут орнату туралы

Қостанай облысы Қарабалық ауданы Белоглин ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 17 шешімі

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес, Қарабалық ауданының Белоглин ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына "В2G сегменті үшін ТОВЖ құрылысы, Қостанай облысы" объектісі бойынша талшықты-оптикалық байланыс желісін төсеу, қызмет көрсету және пайдалану үшін Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Белоглин ауылдық округі, Святослав ауылы, С.Сейфуллин көшесі, Ч.Валиханов көшесі мекенжайы бойынша орналасқан белгіленсін жалпы ауданы 0,0767 гектар жер учаскесінде жария сервитут (шектеулі нысаналы пайдалану құқығы) орнатылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Ж. Баймуханов